



С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина Университеті
Информатика модулі кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Қашықтықтан оқыту

Орындаған: Кусаинов Т.

Курс: 1

Топ: 005-02

Факультет: Стоматология

Қабылдаған: Жакипова Ш.А.

Алматы 2015

Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім:

- 1) *Қашықтықтан оқыту түсінігі;*
- 2) *Қашықтықтан оқыту жағдайында жүзеге асатын қағидалар;*
- 3) *Қашықтықтан оқытуды құрудың базалық принциптері.*

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Kіpіcne

Қашықтан оқыту жеке дара оқыту негізінде жүреді: білім алушы оқытудың түрін өзі таңдайды, жеке сабақтарды қайталап оқуы мүмкін, кейбір бөлімдерді тастап кету мүмкін және т.б. Оқытудың бұл жүйесі студенттің өз бетінше жұмыс жасауын және өздігінен білім алу біліктерін дамытады.

Қашықтықта оқыту

Қашықтан оқыту- бұл белгілі бір қашықтықта оқыту, яғни оқытушы мен оқушы бір-бірінен кеңістікпен алшақтатылған және оқу үрдісінің барлығы немесе оның басым бөлігін қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады.

Қашықтан білім беру технологиясы білім алудың перспективті тәсілі болып табылады. Қашықтан білім берудің тиімді жүйесін жасау халықтың басым бөлігі үшін сапалы білімге қол жетімділікті арттырады, мүмкіншілігі шектеулі адамдар үшін білім алу проблемасын шешуге және күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алу мүмкіншілігі жоқ аймақтар халқын анағұрлым толық қамтуға көмектеседі.



Қашықтан оқыту технологиясын бойынша оқыту бакалавриаттың 14 мамандығы бойынша жүзеге асырылады.

Кейс-технологиясы – оқу-әдістемелік материалдарды қағаз, электрондық және басқа тасымалдаушыларға жинақтауға және оларды өздіктерінен жұмыс істеу үшін студенттерге беруге негізделген технология.

Қашықтан оқыту курсы модульдық негізде әзірленеді: әрбір модуль – бұл белгілі уақытта оқуға арналған, нақты белгіленген білім мен іскерлік көлемі енгізілген стандартты оқыту өнімі немесе жұмыс сапасы курстық және бақылау жұмыстарымен, сондай-ақ мәтіндік, сынақ және емтихандық құралдармен белгіленетін сынақ бірлігі.



Желілік технология – құрамына оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету енген, оқушылардың бір-бірімен және оқытушылармен өзара интерактивті байланысу нысандарын, сондай-ақ (СДО) Moodle арқылы Интернет желісін пайдалау негізінде оқу үдерісін басқару технологиясы.

Қашықтан оқыту технологиясы негізінде жүзеге асырылатын оқу үдерісі құрамына міндетті аудиторлық сабақтар мен студенттердің өздік жұмысы кіреді.

Виртуалдық сабақтар кезінде студенттер кейстің мазмұнымен танысады, практикалық тапсырмалар мен өздік жұмысының тапсырмаларын орындайды.

*Қашықтықтан оқыту
жағдайында жүзеге асатын
қағидалар:*

1

• *интерактивтілік*

2

• *бейімділік*

3

• *ізгіліктілік*

4

• *модульдік*

Қашықтықтан оқытуды құрудың базалық принциптері:

тиімділік

түсініктілік

сапалылық

□ *Қашықтықтан оқыту курсы – бұл тек сабақтардың мәтіні ғана емес, желіде сәйкес ақпартты іздестіру, курс тьюторларымен де, басқа оқушылармен де хат алмасу, Интернет арқылы таратылатын деректер базасын, мерзімдік ақпарттық басылымдарды пайдалану да енген тұтас үдеріс.*

Дистанционды оқыту туралы

Тарихи, дистанционды оқыту сырттай оқуды білдіреді. Бірақ қазір - бұл аудио, видеотехниканы, ғаламтор және спутникті байланыс каналдарын қолданатын оқыту әдісі.

Дистанционды оқыту түрінің қолайлығы:

- психологиялық жайлылық, өз компьютеріңіздің алдында үйреншікті жайда оқу;
- оқытудың арнайы мерзімдері және шапшаңдығы;
- дербестіктің жоғары үлесі;
- территориялық және уақыт шектеуін жеңу.

*Мәліметтерді беру техникалық негізі бойынша
дистанционды оқытудың келесі түрлерін анықтауға*

болады:



- басылым материалдарын пошта арқылы жіберу (дәстүрлі сырттай оқуға мінезді);
- аудио- және видео- кассеталарды, дискеттерді, CD-ROM жіберу;
- аудио графика құралдарымен (интерактивті тақталар, және де оқу киносы, радио, телевидение);
- интерактивті Web TV және видео конференция арқылы;
- электронды пошта және жіберу парақтары (тізімдер) арқылы;
- web-беттер арқылы;
- чат, web-форум және қонақ кітабы арқылы.

Соңғы кездері ғаламтор дистанционды оқытудың басқа түрлерін белсенді ығыстырады. Бұл үш жағдайға байланысты:

- 1) Ғаламтор-технологиялардың техникалық дамуы;
- 2) Ғаламтор жүйесіне қосылудың оңайлығы,
- 3) Қосылудың төмен бағасы.



Дистанционды сабақ сабақты сырқаттануына байланысты босататын балаларға немесе мүгедек- балаларға өте жиі қолданылады.

Сонымен қатар, дистанционды сабақ шығармашылық қызметті түрлерге қолданылмайды, мысалы, музыка аспаптарында ойнауға, биге, әнге, калпы мұғалім мен оқушының байланысы қажет жерге.



Қорытынды

Ақпаратты технологиялардың интенсивті дамуына әсіресе интернет-технологиялардың дамуына байланысты дистанционды оқытуды дамыту проблемасы ерекше маңыздылықты алады.

Дистанционды сабақты өткізу процессінде білім өсімін алу өте маңызды, мысалы білімнің өсуі мен оқушының білуі немесе оқу құжатын жасау түрінде, оқушы дистанционды мұғалім жетекшілігімен ғаламторда өзінің web-парағын жасауы және орналастыра алуын айта кетсек болады. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытушы ролін тьютор атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- <http://ses.vko.gov.kz>
- <http://45minut.kz>
- <http://seoservice.kz>
- <http://kursik.kz>